



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№3 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ ТУРАЛЫ

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы қағидаларын бекіту туралы»
Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасына**

2015 жылғы 10 тамыз

Алматы қ.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын (бұдан әрі – БЖЗҚ Зейнетақы қағидалары) әзірледі.

БЖЗҚ Зейнетақы қағидалары «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңын іске асыру үшін әзірленді және Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – БЖЗҚ) мен:

1) міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының және міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерін алушылардың;

2) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агенттердің, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылатын жеке тұлғалардың және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерін алушылардың;

3) жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агенттердің, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары аударылатын жеке тұлғалардың және жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерін алушылардың арасындағы құқықтық қатынастардың ерекшеліктерін белгілейді.

БЖЗҚ Зейнетақы қағидаларында:

- міндетті зейнетақы жарналары және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарды жасасу;

- БЖЗҚ-да жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын есепке алу үшін шартты зейнетақы шоттарын ашу;

- міндетті зейнетақы жарналарының салымшыларын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары аударылатын жеке тұлғаларды, міндетті зейнетақы жарналары және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерін алушыларды хабардар ету;

- міндетті зейнетақы жарналары және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары салымшыларына немесе міндетті зейнетақы жарналары және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерін алушыларды БЖЗҚ-ның өз міндеттемелерін орындауына әсер ететін барлық өзгерістер туралы хабардар ету тәртібі айқындалған.

БЖЗҚ зейнетақы қағидаларын іске асыру теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкеп соқтырмайды.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz